



Алматы қаласы, 2015 жылғы 6 ақпан

**ЦентрКредит Банкі ШОБ-ты қаржыландыру үшін АДБ бағдарламасы бойынша қарыз алды**

ЦентрКредит Банкі және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры Азия даму банкінің (АДБ) инвестициялық бағдарламасы бойынша 5 жыл мерзіміне берілетін 11,1 млрд теңге сомасындағы қаражаттың 2-траншын тарту туралы келісім жасасты. Мәміле мөлшерлемесі – жылдық 7%. Несиелеу бағдарламасының мақсаты – тек экономиканы әртараптандыру ғана емес, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру.

Банк 2011 жылы алған бірінші транш ауыл шаруашылығын, құрылысты, көтерме-бөлшекті сауданы дамыту, жабдықтарды жөндеу және орнату, сондай-ақ т.б. үшін сәтті игерілді.

Екінші транш аясында қазақстандық ШОБ өкілдері айналым қаражатын толықтыру, инвестиция жасау және қарыздарды қайта қаржыландыру мақсатындағы қаржыландыруға қол жеткізе алады. Бағдарлама талаптары бойынша бір бизнесмен жылдық 14%-бен 3 млн АҚШ долларына дейінгі несиелеу сомасына қол жеткізе алады. Қаражат Қазақстанның барлық өңірлерінде орналастырылады, соның ішінде Алматы мен Астана қалаларынан тыс өңірлерге басымдық беріледі.

– Біз 2014 жылғы желтоқсан айының аяғында АДБ бағдарламасы бойынша екінші траншты алдық: жұмыс қызу жүруде, несиелеу туралы алғашқы өтінімдер тек қарастырылып қана қойған жоқ, сондай-ақ мақұлданды. Пайдалы талаптармен қаржыландыру нарықты жандандыра түседі, сондай-ақ кәсіпкерлердің меншікті бизнесін дамыту және жетілдіру үшін тиімді қолдау көрсетеді деп үміттенеміз, – деп атап өтті ЦКБ-нің Басқарма Төрағасы Владислав Ли.